

Е. Кәрібай, 1-курс

*Ғылыми жетекші — А. Б. Ақылбекова, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, құқық қорғау магистрі, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

ЖЕКЕ МҮЛІКТІК ЕМЕС ҚАТЫНАСТАР

Азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың бір түрі ретінде заңды нормалар әсеріне түсетін жеке мүліктік емес қатынастарды келтіруге болады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы жеке мүліктік емес қатынастардың екі тобын реттейді.

1. Мүліктікпен байланысты жеке мүліктік емес қатынастар (АК-ң 1-бабының, 1-тармағы).

2. Мүліктікпен байланысы жоқ жеке мүліктік емес қатынастар. «Байланыстылық» термині жеке қатынастардың мүліктік қатынастарға тәуелділігін білдірмейді, ол олардың тұтас кешенде бірігуін көрсетеді (авторлық, өнертабыстық, т. с. с).

Мысалы, ұйымның, өзге заңды тұлғаның тауар белгісін заңсыз пайдалануы соңғысына шығын келтіруі мүмкін.

Азаматтық құқық объектілері ішінде, яғни азаматтық құқық субъектілері өзара қатынастарға түсетін материалдық және рухани игіліктер ішінде Азаматтық Кодекстің 115-бабы интеллектуалдық қызмет нәтижелерін, соның ішінде оларға деген ерекше құқықтарды келтіреді.

Бір мезгілде заң шығарушы оларды жалпылайтын «интеллектуалдық меншік» түсінігін қолданады.

Қазіргі уақытта елдегі және шетелдік заң ғылымдарында қарастырылып жатқан түсінікке екі негізгі көзқарас орын алып отыр. Бірқатар ғалымдар аталған ұғымның заңда бекітілуін қолдап, заңшығарушының «интеллектуалдық меншік» терминнің қолдануын ғылыми емес деп тапты. Басқа ғалымдардың пікірінше, бұл термин о басынан нақты емес және ғылыми емес болып табылады, оған байланысты ол тек саяси актілерде ғана, тәжірибелік бағыты бар құқық нормаларында емес қолдана алады¹.

Бұл дау бүгін пайда болған жоқ және түп тамырымен ХІХ ғ. соңына барады.

Әділетті болып табылатын бұл ескертулерге интеллектуалдық, меншік теориясының жақтаушылары мұнда арнаулы реттеуді қажет ететін ерекше нысандағы меншік жөнінде сөз болып тұр дейді, себебі патент иелерінің авторлық құқықтар мен тауар белгілерінің субъектілерінің меншік құқығының объектісі «денесі» жоқ, «ұсталмайтын заттар болады»².

Қазіргі уақытта авторлық және өнертабыстық құқықтардың екілік табиғатын жоққа ешкім шығармайды.

Мүліктікпен байланысты емес жеке мүліктік емес қатынастардың екінші түрі.

Мүліктік қатынастардың өзгеше басқа фактілер жөнінде және басқа субъектілер арасында пайдаланылады. Олар ақшалай бағалану пәні бола алмайтын адам тұлғасынан айырылмас игіліктер жөнінде пайда болады.

Жеке мүліктік емес қатынастар 1995 жылғы Конституциямен реттелді, ондағы 2-бөлім адам мен азаматтық ажырамас құқықтары мен бостандықтарына арналған.

Қазақстан Республикасының АК-ң 1-бабының 2-тармағына сай мүліктікпен байланысты емес жеке мүліктік емес қатынастар азаматтың заңдармен реттеледі, өйткені басқа заң актілерімен өзгеше жағдай қарастырылмаған, не жеке мүліктік емес қатынас мәнінен туындамайды.

Нақты тұлғаның еңбегі объективтік нысандағы оны шығарушыға байланысты болмайтын қайта шығаруға жол беретін белгілі шығармашылық нәтижеде көрінетіндіктен, онымен тауар ретінде билік етуге мүмкіндік туындайды.

Өмір, денсаулық, ар-намыс, абырой қалыпты адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуының ешқандай жағдайларында тауар болмайды.

-
- ¹ Конституция Республики Казахстан / Под. ред. Г. Сапаргалиева. — Алматы, 1998. — С. 13-14.
- ² Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. — Алматы, 1996. — 77-б.